

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Джорджио Агамбен: HomoSacer



Мақсаты: Джорджио Агамбеннің homosacer және ауытқу секілді философиялық ұғымдарымен танысу.

Тірек сөздер: өмір, homosacer, ауытқу, био-билік, құқық, заң, nomos.

«Жалаңаш өмір»

Көне гректерде біздің қазіргі «өмір» деген сөзімізді білдіретін нақты сөз болмаған екен. Олар екі терминді қолданған, алайда екі терминнің де этимологиялық төркіні, семантикалық және морфологиялық айырмасы бар: біріншісі – zoe – бүкіл тірі жаратылыстарға (адамдар, жан-жануарлар немесе тәңірлер) ортақ кәдімгі өмір, тыныс алуды білдірсе, екіншісі – bios – тек адамға немесе адамдар тобына ғана тән өмір сүру формасы немесе тәсілі. Платон өзінің «Филебе» атты еңбегінде өмірдің үш түрін атайды, ал Аристотель «Никомах этикасында» философтың қиялға толы өмірін (biostheoretikos) рақат (biosapolausticos) және саяси (biospolitikos) өмірден айырмасы бар деп пайымдайды, екеуі де zoe (көптік формасы жоқ) ұғымын пайдаланған. Бұл дегеніміз – екі философтың пайымдауының нысаны болған өмір – қарапайым табиғи өмір емес, білікті өмір немесе ерекше өмір сүру тәртібі болғанын айғақтайды.

Антика әлемінде қалыпты өмір полистен (қалалар, көпшілік) алшақ, үйдің ішінде шектеулі репродуктивті өмір ретінде қарастырылған. Аристотель идеалды қоғамның мақсаттарын айқындағанда, өмірді оның саяси өлшемдеріне қарсы қойып қараған.

Мишель Фуко қазіргі заман тарихы, жаңа уақыт тарихы басталғанда, табиғи өмір мемлекеттік биліктің механизмі мен есебінің құрамына еніп, саясат биосаясатқа айналатынын жазады: «Мыңжылдықтар бойы адам баласы Аристотель қалай қабылдаса, сол күйінде сақталып келді: саяси өмір сүруге қабілетті тірі мақұлық немесе жануар; ал қазіргі заман адамы – саясатта өмірі талқыланатын жануар немесе мақұлық». Фуко қоғамның «биологиялық заманауилығының шегі» түр мен индивид саяси стратегиялардың қаруы болған нүктеде тұратынын айтады. 1977 жылдан бастап Collegede France дәрістерінде «территориалды мемлекеттен» «тұрғындардың мемлекетіне» өту үдерісіне ерекше назар аударылып, соның нәтижесінде биологиялық өмір мен ұлт саулығы суверенді биліктің назарына іліге бастады.

Бұл үдеріс әртүрлі саяси технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асады. Тарихта бірінші рет қоғамдық ғылымдар кең таралып, өмірді қалай сақтау керек, құрбан ету әрекетін қалай ақтап алуға болатыны туралы мәселелер қарала бастады. Капитализмнің дамуы мен билік құруы тәртіптік бақылаусыз мүмкін болмас еді. Капитализм сәйкес технологиялардың көмегімен «Тілағаш дене» механизмін құрды.

Ханна Арентс өзінің «Vitaactiva немесе әрекетті өмір туралы» атты еңбегінде «homolaborans» (еңбекқор адам) мен биологиялық өмір қазіргі заманның саяси сахнасында маңызды рөл атқаруға жетелеген үдеріске сипаттама береді.

Қазіргі қоғамдағы саяси салалардағы трансформация мен дағдарысты Арентс өмірдің саяси жақтарымен байланыстырады. Алайда ол өзінің жоғарыдағы кітабын тоталитарлық билікке арналған алғашқы зерттеулерімен (биологиялық болашақ мүлдем жоқ) байланыстырмайды. Дәл сол сияқты Фуко өзінің зерттеуінің нысаны ретінде қазіргі заман саясатына тән салаларды: тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагерь және XX ғасырдағы тоталитарлық мемлекеттердің құрылымын таңдап алмаған.

Биосаяси өрісті қарастыра отырып, қазіргі заман саясаты негізделген оппозициялардың ұғымдарынан (олшыл/солшыл, жеке/мемлекеттік, абсолютизм/демократия т.б.) бас тарту керек пе деген мәселенің басын ашып алу керек. Фуконың ізімен, Бенъямин «жалаңаш өмір» мен саясаттың арасындағы байланысты қарастыра бастайды.

Егер Фуко билік мәселесін дәстүрлі тәсілдермен түсіндіруге қарсы шығып, оны тек құқықтық (билік нені заңдастырады?) немесе институционалды (мемлекет дегеніміз не?) тәсілдерді пайдалану керектігін айтып, «суверенитеттің теориялық артықшылықтарынан босатуға» шақырса, биліктің тәніндегі индивидуализация мен тотализация үдерістерінің өзара алмасу аймағы қайда болады? деген сұрақ туындайды.

Джорджио Агамбен биліктің құқықтық-институционалды және биосаяси үлгілерінің қиылысу нүктесін табуды ұсынады. Автор осы үлгілерге талдау жасау арқылы «жалаңаш өмірдің»



саясатқа енуін анықтауға мүмкіндік беретінін айтады. Биосаяси денені өндіру – суверенді биліктің ең басты мақсаты екенін де айта кету керек. Биологиялық өмірді өзінің есебіне араластыра отырып, қазіргі заман мемлекеті «жалаңаш өмір» мен билікті байланыстыратын жасырын жіпті таба алады.

«Жалаңаш өмірдің» саясилануы

Аристотельдің полис туралы анықтамаларының мәнін қайта қарастыру керек болады. Оппозиция «жалаңаш өмірді» саяси өмірге ендіріп жібереді. Агамбен байсалды сұрақ қояды: батыс саясаты «жалаңаш өмірден» алшақтауға тырысып бағуының себебі неде?

Алшақтау – батыс саясатында жиі қолданылатын құбылыс. Фуконың ойынша, Аристотельдің адам «саяси өмір сүруге қабілетті тірі мақұлық» деген анықтамасында өмір туралы мәселенің құпиясы жасырынған. «Өмір сүру үшін туылған, бірақ, бақуатты өмір үшін тіршілік етеді» деген фраза «жалаңаш өмірді» саясиландырып тұр.

Жалаңаш өмірдің саясилануы – метафизикалық міндет ретінде тірі адамның адамгершілігінің арқасында шешіледі. Агамбен қазіргі заман – метафизикалық дәстүр құрамында өмір сүру керектігі туралы ұраннан басқа мардымды ештеңе жасай алған жоқ деп жазады.

Агамбен өзінің еңбегін «жалаңаш өмірді», яғни homosacer (Қасиетті адам) өмірін зерттеуге арнайды. Қасиетті адамды өлтіруге болады, бірақ құрбан етуге болмайды. Көне Рим заңдарына сүйенсек, адам өмірі заңды тәртіппен қорғалған. Sacer сөзінің ескі атауы – сакралды сипатта.

Фуко жалаңаш өмірдің кеңістігі немесе ортасы саяси кеңістікпен үйлесе бастайтынын, яғни ішкі мен сыртқы, зое мен bios бір-бірімен түйсетінін жазады.

Өмірді саяси тәртіптен бөлек қарағанмен, ол саясаттың ішінде де жасайтынын ескертейік. Осы екі құбылыстың шегаралары араласқанда, жалаңаш өмір мемлекеттің ішінде субъектіге немесе саяси тәртіптің объектісіне айналып, мемлекеттік билікті құруға ортақ кеңістік болып қалыптасады.

Осыдан қазіргі демократияның апориясы қалыптасты: адамдардың бақыты мен еркіндігі «жалаңаш өмірдің» аясында жасырынғанын табуға талпынады. Қасиеттің адамның денесі, оның өмірі құрбан етуге болмайтын құндылыққа айналады.

Бұл апория – демократияның жетістігін төмендету емес. Керісінше, демократия жеңіске жеткен секілді болған тұста өмірдің құлдырауынан аман қала алмағанын түсінуге талпыныс.

Бүгінде саясаттың ешқандай құндылығы қалмады. Оның себебі анықталып, шешімі табылмайынша, жалаңаш өмірді жоғары саяси ұстанымға айналдырған ұлтшылдық пен фашизм жасай бермек.

Роберт Антельменің түсіндіруінше, тұтқындарды бір жерге қамап ұстайтын лагерьлер «адамзат ұрпағына жатпайсыңдар» деген ұстанымды тұтқындардың саналарына сіңдірді.

Демократия мен тоталитаризм арасындағы ішкі үйлесімділік (Агамбен асқан байсалдықпен ұсынған) – олардың тарихы мен бәсекелестігін сипаттайтын айырмашылықтардың жойылуы дегенді білдірмейді. Дегенмен бұл идея тарихи-философиялық деңгейде сақталуы керек. Себебі бұл бізге жаңа өзгерістер мен кенеттен туындайтын конвергенцияларға бейімделуге мүмкіндік береді. Тек осы идея жаңа саясатқа жол аша алады.

Карл Шмиттің суверенитетке берілген анықтамасында («Суверен дегеніміз – кейбір ерекше жағдайда тұрып та, шешім қабылдай алатын адам») мемлекет пен құқық туралы түсінік бар, мұнда суверенитет өмірдің әртүрлі салаларымен үйлесім тауып, тіпті, онымен етене кірігіп кеткен деген тұжырым бар. Мемлекеттің формасы – қоғам өмірінің негізі, ал саяси, діни, құқықтық және экономикалық доктриналар сол күйі күшті болып тұрған кезде «осы жеке салалар» жарыққа шығып, өзін-өзі көрсете алмады. Суверенитет мәселесі саяси тәртіп аясында қаралды. Ал саяси құрылым мәселесі ешқашан күмәнға алынбады.

Суверенді биліктің қарама-қайшылығы дегеніміз – суверен құқықтық тәртіптің әрі ішінде, әрі сыртында тұруы. Егер суверен төтенше жағдайлар туралы хабарлау билігіне ие адам болса, сол арқылы тәртіпті орнықтыра алса, оны «құқықтық жүйеден тыс әрі сол жүйенің ішінде жасап жатыр» деп білеміз. Себебі оның шешімімен Атазаң тоқтатыла алады. Заңды күшін пайдалана



отырып, суверен заңның әрекеттерін әрі тоқтата алады, әрі өзін сол заңнан тысқары қояды. Бұны «Заң адамның өзінен тыс болады» немесе «Мен суверендімін, заңнан тыс жасаймын, заңнан тыс ережелер болмайды деп хабарлаймын» деген тұжырымдармен түсіндіруге болады.

Бұл қарама-қайшылық терең зерделеуді қажет етеді. Себебі суверенитет – құқықтық жүйенің шегін білдіреді. Шмитт осы құрылымды төтенше жағдай деп түсіндірген.

Ерекше жағдай құқықтық нормалар шындыққа айналған жағдайларда қалыптасады. Кез келген жалпы норма тұрақты, күнделікті өмірлік қарым-қатынастарды талап етеді. Норма біртекті ортаның болуын талап етеді. Бұл заңдылық – сыртқы алғышарт қана емес, имманентті ақиқат ережелер. Хаосқа қатысты нормалар болмайды. Тәртіптің тек заңды мәні болуы керек.

Тәртіпті орнату керек, сонда ғана құқықтық жүйенің мәні ашылады. Суверен – осы тәртіп немесе норма шын мәнінде орныққан ба, жоқ па екенін шешетін адам. Кез келген құқық – ситуативті құқық болып саналады. Суверен жағдайды қалыптастырып қоймай, оған кепіл болады. Ол монополияға ие. Суверенді биліктің де мәні осында – шешім қабылдау монополиясы болып қалыптасуы. Төтенше немесе ерекше жағдайларға ие болу туралы шешім – мемлекеттік биліктің мәнін ашады. Бұл жерде шешімді құқықтық реттеуден ажыратып қарау керек.

Ерекше жағдай қалыпты жағдайдан өзгереді. Қалыпты жағдай ештеңені дәлелдемейді, ал ерекше жағдай бәрін дәлелдейді. Ерекше жағдай тәртіпті дәлелдеп қоймай, тәртіптің тек ерекше жағдайға байланысты ғана туындайтынын дәлелдейді. Кьеркегор XIX ғасырда былай деп жазады: «Ерекше жағдай жалпыны және өзін де түсіндіруге қабілетті құбылыс. Адам баласы жалпыны зерделеуге талпынғанда, жан-жағына қарап, осы ерекше жағдайды тауып ала білуі керек. Ерекше жағдай – жалпыны анықтайды. Егер ерекше жағдайды түсіндіруге болмаса, жалпыны да түсіндіруге болмайды».

Ерекше жағдай – алып тастау деген мағынаны білдіреді, яғни жалпы тәртіптен немесе ережеден ерекше жағдайлар бөлініп алынады. Ерекше жағдайға тән сипаттама мынадай: нормадан ауытқу – нормадан шығып кетті дегенді білдірмейді. Керісінше, ауытқыған нәрсе сақталып қалып, нормада уақытша тоқтатылады. Сонда ерекше жағдай – хаос емес, тәртіптің тоқтауы нәтижесінде туындаған жағдаят болып шығады.

Ерекше жағдай кезінде туындайтын жағдаяттардың ерекшелігі болады: оны не нақты, не құқықтық жағдаят деп түсіндіруге болмайды, бірақ осы екеуінің арасындағы шегара ажырамайды. Бұл жағдаят – факт емес, себебі ол норманың әрекеттерін тоқтату жолымен қалыптасты. Дәл осы себепті ол құқықтық жағдаят та бола алмайды.

Суверенді ауытқу дегеніміз – құқықтық-саяси тәртіптің заңды күші болатын кеңістікті құру. Осы тұрғыдан алғанда, ауытқу – фундаменталды локализация болып, ішкі мен сыртқы күрделі топологиялық қарым-қатынасқа түсетін шегараны құрады.

«Хаосқа» қатысты белгілі бір норма болмайтындықтан, ол құқықтық тәртіпке ішкі мен сыртқы арасындағы ажырамайтын өрісті құру арқылы ғана ене алады.

Ауытқу туралы суверенді шешім басынан бастап-ақ саяси-құқықтық құрылым ретінде қалыптасып, құқықтың тәртіптік құрамына еніп, өзіндік мәнге ие болады. Өзінің архетиптік формасында төтенше жағдай – локализацияның негізі болып саналады. Себебі тек ол ғана құқықтық тәртіп пен нақты территорияны қалыптастыру кеңістігін құра алады.

«Бүгінгі таңда, – деп жазады Агамбен өзінің бір тезисінде, – төтенше жағдай фундаменталды саяси құрылымда басты орынға шығып, біртіндеп ережеге айналып бара жатыр. Біздің ғасырымыз төтенше жағдайға тұрақты әрі айқын локализацияны телуге тырысқан кезде, оның салдары – тұтқындарды бір жерге қамап ұстайтын лагерьдің құрылуына әкеп соқтырды. Концлагерь, түрме емес, номостың (заң) бастапқы құрылымына сай келетін кеңістік. Түрме құқығы лагерь басшылыққа алатын құқықтық ережелерден өзгеше болып, әскери және басып алу заңдары болып табылады».

Кез келген абсолютті кеңістік секілді концлагерьлер топологиялық жағынан түрмеге жабылу кеңістігінен өзгереді.

Суверенді ауытқу дегеніміз – табиғат пен құқық арасындағы ажырамастық аумағы құқықтық қатынастардың алғышарты болып табылады. Кез келген нормаға ауытқу ретінде сол норманы бұзатын жағдаяттар енеді (біздің мысалымызда: өлтіру – табиғи зомбылық емес, төтенше жағдайдағы суверенді зорлық).



Осы тұрғыдан алғанда, ауытқу – жүйеге қатысты симметриялық жағдайда тұр. Ерекшелік пен мысал – екі тәсіл, екеуі бірлесіп өздерінің өзара келісімін тауып, сақтауға тырысады.

Ауытқу механизмдері әртүрлі болады. Тапқа қатыстылықты мысалмен ғана көрсетуге болады, сол секілді қатыссыздықты таптың ішінде ғана дәлелдеуге болады, яғни белгілі бір ауытқуға байланысты.

Суверенді ауытқудың тағы бір аспектісі болады: екі құқықтық талаптардың арасындағы байланысты (ішкі және сыртқы) қалыптастырады.

Суверенді билікті Шмитт ауытқу туралы шешім деп түсіндіргені осыдан болса керек. Мұнда шешім – субъектінің еркінің көрінісі, номосаттың ішіне еніп, оны жандандырып, мағына үстеуі. Суверен заңды немесе заңсыз деген мәселені шешпейді, тірілерді құқықтың шеңберіне ендіруді мақсат етеді немесе Шмиттің сөзіне сүйенсек, «өмірлік қатынастарды қалыпты құрастырады».

Заңның реттеуші қасиеті болады, ол басқарғаны немесе тыйым салғаны үшін «ереже» деп саналып тұрған жоқ. Ол шынайы өмірде қатынастар кеңістігін құрып, оны нормализациялай (қалыпқа түсіре) алғандықтан, ереже деп танылды.

Құқықтың өмірді қамтуының көрсеткіші – санкция емес, кінә. Ол қылмысқа қатысты емес, заңда белгіленген кез келген жағдаятқа қатысты. Норманы білмеу адамды кінәсіз етпейді. Адамның кінәсі – норма үшін негіз бола ма немесе норма кінә үшін негіз бола ма деген мәселені шешу мүмкін емес. Бұл дегеніміз – ішкі мен сыртқының бір-бірінен ажырамайтындығының көрінісі.

Құқықтың «суверенді» құрылымы, оның айрықша және бастапқы «күші» төтенше жағдайлар формасында болады, яғни факт пен құқықты бір-бірінен ажыратып қарауға келмейді. Өмір құқықпен тығыз байланысты. Өмір тәртіптің әрі ішінде, әрі сыртында жүзеге асады. Осы шекті суверенді биліктің кеңістігі деп атай аламыз.

«Ережелер ауытқудың арқасында ғана өмір сүреді» (ауытқымаса, ереже болмайды) деген тұжырымды тура мағынасында қабылдау керек. Заңның құрамында ережеден ауытқу болуы керек. Егер ауытқу болмаса, онда заң – өлі әріптердің жиынтығы болар еді?! Осы тұрғыдан алғанда, заң «өз бетімен өмір сүре алмайды, тек адамның өмірімен тығыз байланыста болады». Суверенді шешім ішкі мен сыртқының, ауытқу мен ендірудің, *nomos* (заң) мен *physis* (табиғаттың) арасындағы ажырамас шегараны жаңартып отырады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Төтенше жағдайлардың формалары құқықтық құрылымды қалай анықтай алады?
2. Құқық нормаларынан ауытқу дегеніміз не және оның құқықтың шегараларын анықтаудағы маңызы неде?

Әдебиеттер:

Agamben Giorgio. «Introduction» and «The Paradox of Sovereignty»//Homo Sacer. – Stanford: Stanford University Press, 1998. –P. 1-29.